



БЕКІТЕМІН
БЖЭТО МҚКК басшысы
Сейтқанов
2018 ж.

«Құс қанатындағы арман» қалалық акциясын ұйымдастыру және өткізу туралы Ережесі

1. Жалпы ережесі

Акцияның мақсаты - оқушыларды құстарды қорғау бойынша табиғатты қорғау қызметіне қатыстыру; қалаға пайдалы құстарды шақырту; облыс көлемінде құстар әртүрлілігінің тіршілігіне қауіп төндіретін іс-әрекетті алдын алу болып табылады.

Акция ұйымдастырушылары: «Павлодар қаласы білім беру бөлімі» ММ, Павлодар қаласы әкімдігі, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК, «Қазақстан электролиз зауыты» АҚ болып табылады.

Акцияны өткізу мерзімі: 2018 жылғы 06 желтоқсанан 2019 жылғы 06 қаңтар аралығы.

Өткізу орны: Павлодар қаласы (акция қатысушысының шешіміне сәйкес – мектеп аумағы, бақ, саябақ).

2. Акция қатысушылары

Акция барысына Павлодар қаласының жалпы орта білім беру мектептері қатыса алады. Акцияға қатысуы мақсатында: өтінім, іс-шараларды өткізу жоспары тапсырылады (мекеме басшысымын бекітілген).

Өтінімдерді ұсыну мерзімі 2018 жылғы 04 желтоқсанға дейін.

3. Акцияны өткізу тәртібі

Акция көлемінде келесі іс-шараларды өткізу ұсынылады:

- табиғи және қалдық материалдардан ұяларды өз қолымен дайындау;
- мектеп аумағы, бақ, саябақ, тұрғылықты үйлерге және т.б. жерлерге ілу;
- Қазақстан Республикасының сирек құстары, олардың маңызы туралы рефераттар дайындау, әңгімелер, «дөңгелек үстелдер» өткізу;
- арнайы қабырға газеттері, плакаттар мен фотоальбомдарды шығару;
- әлеміштер, суреттер сайыстары және көрмелерді ұйымдастыру;
- музыкалық мерекелер, КТК және т.б. өткізу;
- «Қыстайтын құстарға көмек!» атты тұрғындарға табиғатты қорғау туралы үгіт-насихат жүргізу.

4. Жалпы қатысушыларға талабы:

Өткізілген іс-шаралар туралы шығармашылық есеп екі нұсқада (файл мұқабасы және электрондық тасымалдаушысында) «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм

орталығы» МҚКК-на 2019 жылғы 09 қаңтарға дейін ұсынылады. Есеп материалдарын 15 слайдтан кем емес көлемінде Microsoft Office Power Point (2003-2007) мультимедиалық презентациясы түрінде рәсімдеуі қажет.

Материалдар акция қатысушылары, мекеменің толық мекенжайы, басшы және акцияның өткізілуі үшін жауапты ұстаздың аты-жөні, жұмыс жоспары туралы мәліметтерді көрсетумен қоса рәсімделеді. Қысқаша сипаттамасы және іс-әрекетті бейнелейтін фотосуреттерімен бірге өткізілген іс-шаралар туралы материал ұсынылады.

Өтінім беруші мекеме аумағынан тыс өткізілетін іс-шаралар өткізген ұйым басшысының қолы мен мөрі бар пікірімен расталады. Объективті тұрғыда бағалауы мақсатында акция ұйымдастырушылары өткізу жоспарына сәйкес іс-шараларға қатысуға құқылы.

Мультимедиалық презентациясы түріндегі есеп материалдарды «Құс қанатындағы арман» белгісімен БЖЭТО мекен жаңына: ekoty@yandex.kz бойынша жіберуі тиіс.

5. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау тәртібі

Байқаудың қорытындыларын шығару келесі өлшемдерге сәйкес жүзеге асырылады:

- байқау қатысушыларының саны;
- іс-шаралардың нысандары мен саны;
- ұсынылған материалдың акция тақырыптамасына сәйкес келуі,
- рәсімдеудің өзгешелігі мен бейнелілігі,
- байқау көлемінде өткізілген шаралар туралы ақпаратының БАҚ-нда орналастырылуы.

Акция қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталады.

2019 жылғы 14 қаңтар күні акцияға қатысу қорытындылары шығарылып, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің сайтында орналастырылады.

Ұйымдастырылуы және өткізілуімен байланысты сұрақтарымен Павлодар қаласы, Потапов көшесі, 7 «Балалар-жасөспірімдер экология және туризм орталығы» МҚКК, бұқаралық бөліміне 8 (7182) 33-30-24 тел. бойынша хабарласуға болады.

**«Құс қанатындағы арман»
қалалық акциясына қатысу**

ӨТІНІМІ

(мекеменің атауы толығымен)

Акцияның атауы	Іс-шаралар саны	Қатысушылар саны	Өткізу мерзімі	Жауапты

Мекеме басшысының қолы
М.О.

А.Т.